

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ №52
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН
САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**
Таңдау курсының бағдарламасы
4-сынып

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Б.Майлин атындағы №52 мектеп – гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

Пікір берушілер:

Нүптекеева Г.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушы: Абдукодирова М.Е. Абай Құнанбайұлының шығармаларын сатылай кешенді талдау. Таңдау курсының бағдарламасы.

4-сынып – Нұр-Сұлтан, 2022. – 6 б.

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге ала отырып құрастырылды. 4-сыныпқа арналған, «Абай Құнанбайұлы шығармаларын сатылай кешенді талдау» атты таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған. Таңдау курсы оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнына үйлестіре отырып, оқушының жас ерекшелігін ескеріп, поэзиялық, прозалық шығармаларды және Абайдың қарасөздерін сатылай кешенді талдау арқылы, сөздік қорларын, логикалық ойлау деңгейін және жүйелі сөйлеу дағдыларын дамытып, сауаттылығын жетілдіру мақсаты көзделген.

ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беру маңызды рөл атқарады. Өскелең ұрпақты әлеуметтік мәдениетке сәйкес, жан-жақты дамыған, ұлттық бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру қоғам алдындағы ең басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу. Бұл қоғамдағы түрлі бағыттардағы өзгерістерге сәйкес білім берудің қызметіне жаңаша қарау, әлемдік жинақталған тәжірибеге және олардың жетістіктерін талдау мен бағалау, қажетті тұсын тәжірибеге енгізу сонымен қатар ең маңыздысы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын жүзеге асыру.

Бағдарлама Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы зертханасының аясында жүргізілген тәжірибелік жұмыстар негізінде Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясында жазылған.

Бұл бағдарлама 4-сынып оқушыларына аптасына 2 сағаттан 68 сағатқа негізделген. «Көркем әдебиет» таңдау пәні А.Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын басшылыққа ала отырып құрастырылып, берілген шығарманың негізгі идеясына байланысты басқа ақын-жазушылардың шағын әңгімелері қарастырылған. Ақынның өлеңдерін мәнерлеп жаттап, қара сөздерін түсініп оқып, берілген әңгіменің ортақ идеяларын ұштастырып сатылай кешенді талдау жасау көзделген. Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі жайлы қозғап отырған философиялық ой-тұжырымдарын оқушылардың жас ерекшелігіне сай сатылай кешенді талдау арқылы әңгімелеуге, өмірмен байланыстыруға бағытталған.

I Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

1. Мақсаты: А.Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерін сатылай кешенді талдата отырып, оқушыларды ой ұшқырлығына, шешен сөйлеуге, өз пікірін айта білуге жаттықтыру.

2. Міндеттері:

- өлең мазмұнын түсініп жаттауға машықтандыру және оны өмірде қолдана алуға бағыттау;
- өлеңнің тақырыбын, идеясын, жанр түрін, буын, бунақ, ұйқас түрлерін ажырата отырып, әдеби теориялық ұғымдарды, өлең жолдары мен қара сөздеріндегі түсініксіз сөздердің мағынасын ажырата білуге, қорытынды жасауға, өз ой-пікірлерін өз сөздерімен баяндауға дағдыландыру;
- ақынның қара сөздеріндегі философиялық ой толғаныстарын түсіне білуге жетелеу;

- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы оқушылар жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасауға мүмкіндік туғызу;
- өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылыққа бейімдеу;
- түрлі логикалық тапсырмалар орындату арқылы сыни көзқарастарын жетілдіру.

Оқушы игеретін құзыреттіліктер:

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі:

- өз әрекетіне мақсат қоя білуге, оны жүзеге асыруға, қажетті жағдайда анықтауға;
- өзі тұжырым жасауға, қойылған міндетті орындауға, технологияны таңдауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық құзыреттілік:

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, өңдеуге, сақтауға;
- интерпретациялауға, қазіргі ақпараттық коммуникативтік технологияның көмегімен жеткізуді жүзеге асыруға көмектеседі.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- байланыстырыпсөйлеугемашықтанады;
- ауызшажәнежазбашақарым-қатынасжасаудастильменжанрдытаңдайбілугебағыттайды;
- үштілдесауатты, әуездісөйлеудағдысынқалыптастырады.

Күтілетін нәтиже:

- өлең мазмұнын түсініп жаттайды және оны өмірде қолданып, талдай алады;
- өлеңнің тақырыбын, идеясын, жанр түрін, буын, бунақ, ұйқас түрлерін ажырата отырып, әдеби теориялық ұғымдарды, өлең жолдары мен қара сөздеріндегі түсініксіз сөздердің мағынасын ажырата білуге, қорытынды жасауға, өз ой-пікірлерін өз сөздерімен баяндауға дағдыланады;
- ақынның қара сөздеріндегі философиялық ой толғаныстарын түсіне білуге үйренеді;
- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы оқушылар жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасауға машықтанады;
- өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- түрлі логикалық тапсырмалар орындату арқылы сыни көзқарастары қалыптасады.

Тақырыптық -күнтізбелік жоспар
4-сынып
Аптасына 2 сағат. Барлығы 68 сағат

№	Өтетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Оның ішінде	
				Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру
ПОЭЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ					
1-2-3	Жалқау балапан. Ғылым таппай мақтанба	3		2	1
4-5-6	Интернатта оқып жүр.Жәнібек батыр	3		2	1
7-8-9	Жасымда ғылым бар деп ескермедім.Зәмзәм суы	3		2	1
10-11-12	Күз	3		2	1
13-14	Жат жазу	2			2
15-16	Ашық тест	2			2
17-18-19	Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы.Тіл палуаннан жығылмайды	3		2	1
20-21-22	Құлақтан кіріп, бойды алар.Домбыра-кең таралған ұлттық музыкалық аспап	3		1	2
23-24-25	Білімдіден шыққан сөз.Кітаптар мұңы	3		1	2
26-27-28	Жат жазу	3			3
29-30	Ашық тест	2			2
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРАСӨЗДЕРІН САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ					
31-32-33	Қалың елім,қазағым,қайран жұртым.Тоғызыншы сөзі	3		2	1
34-35-36	Қансонарда бүркітші шығады аңға.Жиырма алтыншы сөзі	3		2	1
37-38-39	Мәз болады болысың.Жиырма екінші сөзі	3		2	1
40-41-42	Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек.Он жетінші сөзі	3		2	1
43-44-45	Жүректе қайрат болмаса.Отыз бірінші сөзі	3		1	2
46-47-48	Жат жазу	3			3
49-50-51	Ашық тест	3			3
52-53-54	Жігіттер,ойын арзан,күлкі қымбат.Отыз үшінші сөзі	3		1	2
55-56-57	Желсіз түнде жарық ай.Ағаштар неге ашуланды?	3		1	2
58-59-60	Шоқпардай кекілі бар,қамыс құлақ.Шұбар тайым табылды	3		1	2
61-62-63	Жеті нәрседе қасиет жоқ.Сабырсыз,арсыз,еріншек	3		1	2
64-65-66	Жат жазу	3			3
67-68	Тест	2			2

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Ү.Сужигова. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... Алматыкітап баспасы – Алматы, 2014. – 216 б.
2. Н.А.Оразахынованың Сатылай кешенді талдау технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған)Қазақ әдебиеті оқу құралы. Алматы, 2012. –154 б.
3. Мекемтас Мырзахметұлы. Абай және шығыс.
4. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері–Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
6. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы.–Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
7. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). – Алматы: РБК, 2001. –72 б.
8. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
9. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
- 10.Н.А.Оразахынова. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007 ж. –289 б.
- 11.Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
12. С.Қалиев,Б.Иманбекова,Ж.Жұмабаева. Тәрбие хрестоматиясы оқу құралы – Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2012.-272 б.
13. Абай Қара сөз.Книга слов. – Алматы: Атамұра, 2016. –200 б.
14. Құраст.Ш.Күмісбайұлы,А.Шауеев,А.Елгезек. Тәтті алма. – Астана: Фолиант, 2015.